ИСТОРИЯ ФИЛОСОФИИ

С.Е. НҰРМҰРАТОВ

ЖАһАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЭТНОФИЛОСОФИЯ

Жалпы әлемдік философияның тарихи және кәсіби бастауларын іздегенде негізінен Ежелгі Қытай, Ежелгі Үндістан мен Ежелгі Грекия сияқты мәдени ошақтарды атап өтеміз. Алғашқы және тұтас мағынадағы философиялық мектептер, ағымдар мен бағыттар міне осы үш орталықта пайда болған деген пайымдау ғылымда берік қалыптасқан, ал қалған елдер мен мәдениеттер осы үшеуінен шартарапқа тараған философиялық түсініктерді қолдана отырып өздерінің ұлттық сипаттағы философиялық ұғымдарын, жүйелерін қалыптастыра алған деген пікір қазіргі кезеңде көптеген оқулықтарда орын алғаны белгілі. Әрине жоғарыда аталған әлемдік өркениет кеңістіктерінде шынымен де теориялық академиялық философияның озық үлгілері өзінің шынайы академиялық сипатында, әлемді рухани игерудің терең дәстүрі ретінде және тарихи процестің ерекше белгісіндей болып көрініс тапқанын барлығымыз мойындауға тиістіміз. Дегенмен философиялық бастауларды іздегенде әлемді рухани игерудің рационалдық түрлерімен шектелмеуіміз керек. Себебі адамзат тарихының сан қырлы мүмкіндіктерін айшықтай түсіп қана оның бойындағы тылсым қуаты мен күшін, орасан зор шығармашылық негіздерін кеңінен аша түсеміз. Міне осы тұрғыдан алғанда, түркілік әлемдегі философиялық ойлар өзіндік тарихи ерекшеліктері мен тұтастығы бар феномен деуге болады және олар дүниені түсінудегі көркем бейнелерді жандандыра түсетін, өзіндік белгілі бір жүйеге бағынатын құрылым болып табылады.

Қазақтың әлемді қабылдауы батыстық үлгілерден айрықша ұстанымдарымен негізделген. Бұл да өзінше философиялық зерделеудің түрі. Ол даналықты жоғары қоюшы жүйе десе де болғандай. Ал қазақ халқының даналық тағылымдары аталған тарихи үлгіні, мәдени парадигманы сабақтастықпен жалғастырып келе жатқан бірегей мәдениет болып табылады. Қазіргі кезеңдегі елімізде жүзеге асырылып жатқан "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы көрсетілген осы ерекшелікті, ұлттық даралылығымызды барынша екшей түсетініне сенімдіміз. Бағдарлама ауқымындағы көптеген томдардың жалпы мазмұны мен құрылымы осы жетекші идеяға қызмет етеді және оқырманды тарихи оқиғалардың желісімен бойлата отырып философиялық сұхбатқа шақырады. Яғни ол қазіргі жаһандану заманындағы әлемді философиялық пайымдаудың ұлттық сипатын айшықтауға біршама қызмет етуге тырысады деп бағалауға болады.

Кеңестік социалистік қоғамның ыдырауымен XX ғасырдың соңында маркстік философияның дәуірі де елімізде аяқталды. Елімізде ондаған жылдар бойы негізінен идеологияланған, таптық бағдарға сүйенген философияның үстемдік етіп келгеніне қарамай шынайы философиялық зерттеулер мен талдаулар жүргізіліп келгенін атап өтуіміз керек. XX ғасырдың ортасында өз дәуіріне сәйкес келетін Қазақстанда мықты кәсіби философияның негізі қаланды. Ұлттық университетте философ-кәсіби мамандар дайындалып келеді, академиялық сипаттағы философияның әр түрлі проблемаларын зерттейтін ғылыми-зерттеу институтымыз да бар. Сондықтан философиялық мәселелер қазіргі жаһандану заманында да зерттеу жағынан кенде қалып жатқан жоқ, ол өзінің жалғасын табуда. Мәселен, философия тарихын зерттеуші қазақстандық мамандар әл-Фарабидің есімін әлемге танытуға, оның философиясының гуманистік астарын ашуға біршама тер төкті, диалектикалық логикамен айналысатын мамандар философияның ұғымдық негіздерін сараптаумен айналысты, ғылым және мәдениет философиясынан, әлеуметтік философияны зерделеу бойынша да біршама жетістіктерге жеттік.

Ал енді тәуелсіздік келген тарихи кезеңнен бері қарай елімізде философиялық зерттеулерде өзіндік өтпелі кезең дәуірі орын алды. Бұл заңды құбылыс болатын. Өйткені "қасиетті жер бос болмайды" деген қанатты сөзге арқа сүйейтін болсақ, онда тәуелсіздік алып келген еркіндіктің арқасында әлемнің әр бұрышында дамыған, өрбіген философиялық ағымдар еліміздегі философ-мамандары үшін де өзіндік қызығушылық туғыза бастады. Еуропада кең тараған постмодернистік

бағыттарға назар аударып, герменевтика мен синергетика сияқты тәсілдер кеңінен қолданыла бастады. Әсіресе философтарымыз құндылықтар мәселесіне, яғни басқаша айтқанда, аксиологиялық мәселелерге, олардың әртүрлі қырларын пайымдауға үлкен маңыз бере бастады. Осы жерде философиялық пайымдаудың ұлттық типі айқын көрініс тапқанын айта кетуге болады. Өйткені философ-маманның өзі халықтың менталитетінен, яғни ділінен, ұжымдық бейсаналық дәстүрлерінен алыстап кете алмайтын кездерін байқатып қалады. Сөйтіп этникалық сана терең түкпірінде отырған этикалық өлшемдер басымдылығы зерттеушінің аксиологиялық сараптамаларына да өз әсерін тигізгені байқалады.

Философтардың бір тобы қазақтың түпкі тарихының негізіндегі түркілік философияның інжу-маржандарын сұрыптаумен айналыса бастайды. Бұрын-соңды ешқандай философиялық талдауға түспеген есімдер тереңінен және жан-жақты қарастырыла бастады. Мәселен, Қорқыттың, әл-Фарабидің, М.Қашқаридің, Ж. Баласағұнның, Қ.А. Иасауидің, А.Иүгінекидің, Асан Қайғының, қазақ би-шешендерінің, ағартушыларының, қазақ интеллигенциясының, Абай мен Шәкәрімнің және басқа дара тарихи тұлғалардың дүниетанымдық жүйелері байыппен зерделене бастады. Осы салиқалы ізденістермен қатар жақында жүзеге асырыла бастаған мемлекеттік "Мәдени мұра" бағдарламасы түркілік кезеңдегі көптеген ойшылдардың рухани қазынасын жарыққа шығаруға себепкер болуда. Бұл тек тәуелсіздік дәуірінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін дүниелер болатын.

Тарих қойнауында қатпарланған даналық көздерін ашу қазіргі жаһандану заманында өрбіп келе жатқан нигилистік көзқарастарға қарсы тұратын дүниелер болып табылады. Оларды насихаттау арқылы ұлттық мәдениетімізді сақтауға, дамытуға мүмкіндіктер алатынымыз анық. Бұл бағдарламаның тағы бір қыры әлемдік философияның ең құнды деген дүниелерін қазақ тілінде оқырман қауымға ұсыну болып табылады. Бұл жас ұрпақтың философиялық мәдениетін біршама көтерері анық. Сонымен қатар тәуелсіздіктің арқасында көптеген жылдар бойы менталдық әлемде басымдық танытқан атеистік көзқарастардан біршама бас тартып, діни дүниетанымның сүбелі тұстарын зерделеуге мүмкіндіктер ашылды.

Мамандар діни философияның адамның руханилығын дамытатын, оның әмбебаптық қасиеттерін өркендететін жақтарын айқындаумен айналыса бастады. Философия тарихындағы көптеген діни философтар диссертациялық зерттеудің объектісіне айнала бастауы тәуелсіздік кезеңінің өзгеше сипаты болып табылады. Сонымен қатар қазақстандық философтар әлемдік философияның алуан түрлі ағымдары мен бағыт-бағдарларынан шеттеп қалған жоқ. Еуропалық рационалистік философиямен қатар ежелгі Қытай, ежелгі Үнді, ортағасырлық араб және орыс философиясының даналық көздерін ашумен де айналысуда. Өйткені Қазақстандағы философиялық ой әлемдік философиялық жүйенің құрамдас бөлігі болуы тиіс және ол оқшаулану жолы арқылы емес, басқалармен философиялық қарым-қатынас арқылы ғана рухани байи түсетіні анық.

Қазақстанға келген тәуелсіздік кезеңімен қатар демократиялық процестер философия саласын да қамти бастады. Еркін ойлаудың арқасында қоғамдағы әлеуметтік процестерді ашық талқылау, сараптау мүмкіндігі тереңдей түсті. Адамның әлемге қатынасының қандай деңгейі, қандай сипаты тұлғаны және жалпы қоғамдық ортаны дамытуға, жетілдіруге себепкер болатындығы көптеген зерттеулерде тұжырымдала бастады. Әртүрлі сипаттағы пікірлердің айтылуына мүмкіндіктер ашылды. Бұл Ақиқатты іздеудегі, оның философиялық астарын зерттеудегі іргетасты бекіте түсті. Міне сондықтан қоғамдағы процестерге тікелей қатыста болуға тиісті құбылыстар жөнінде батыл тұжырымдар пайда бола бастады. Мәселен, Қазақстан философтары көтеріп жүрген Болашақ философиясы негізінен қоғамдағы құбылыстарды түсіндіргенде, олардағы қайшылықтардың шешімін табу жолында адамдар арасындағы өзара түсіністік пен өзара сыйластықты жетекші принциптер етуі тиіс деген идеяны басшылыққа алуы шын мәнінде жаңаша тұрғы болып табылады. Ол қоғамдағы қатынастарды үйлесімдендіруге ықпал етері анық. Әрине үндеу тастап, өзара түсіністікке шақырғаннан адамдар бір-біріне жақын бола түспесі анық. Бұл жерде діни сананың да, діни философияның да орны ерекше. Себебі еліміздегі азаматтардың дінге деген қатынасы тереңдей түсуде. Діншілдік құбылысына адамзат тарихында әртүрлі келеңсіз қасиеттерді таңу оның беделін біршама түсіргені анық. Елімізде әлемнің әр түкпірінен келген діни миссионерлер жаңа конфессиялардың артықшылығын үгіттеуде, міне осындай дүниетанымдық бәсекелестіктер қазіргі кезеңде белең алуда.

Ал енді осындай дүниетанымдық бәсекелестіктің қазіргі кезеңде еліміздің рухани-әлеуметтік кеңістігінде орын алғаны, оның күннен күнге санамызға беки түскені белгілі болып отыр. Сондық-

тан қазіргі кезеңдегі философтардың зерттеулерінің негізгі мақсаты мен міндеті – дін, діни сенім сияқты ерекше тарихи, әлеуметтік, мәдени феномендердің нағыз өзіне тән мәнін, мағынасын, әлеуметтік, дүниетанымдық қызметін ашып беру болып табылады. Дегенмен шынайы руханилықтың түпкі астарларын іздеу, "Адам-Әлем" қатынасының қайшылыққа толы күрделі дүние екендігін қазіргі заман философиясы толық пайымдайды. Нарықтық қатынастардың қазіргі кезеңде қоғам өмірінде, адамның тіршілік үшін күресінде жетекші рөл атқаратыны белгілі. Соған сай философиялық сараптаулар да белгілі бір деңгейде прагматикалық мәселелерді сараптауға бейімделу жағдайында.

Бұл да жаһандану дәуірінің философияға қойған талабына сай заңды әрекеттер болары анық. Яғни қазіргі заманның философиясы тек тарихи сананы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік психологияны, антропологияны, экономикалық, құқықтық заңдылықтарды ескеретін, өзінің тұжырымдарында қолданатын деңгейге шығуда. Онсыз қазіргі заманның процестеріне өзінің тиімді ықпалын, пайдалы әсерін тигізе алмасы анық. Осындай процестердің арқасында әлемді рухани игерудің, даналықпен сараптаудың жаңа келбеті қалыптасуда. Жалпы шығармашылық пен руханилықтың жасампаз негіздерін айқындау арқылы философия адамға да, қоғамға да өзінің тиімді әсерін тигізе алады. Ал Қазақстандағы философия өзінің қазіргі күрделі замандағы дамуында осы бағытта болады деген ойдамыз. Қазақстандық әлеуметтік философияның құрылымы жалпы ғаламдық қоғамдық процестердің даму логикасын зерделеуден бастап, енді нақты этноәлеуметік құрылымдағы ерекшеліктерді айқындауға бет бұратыны анық.

Сөйтіп жаңа тарихи дәуірде ашық қоғам туралы, яғни еркіндік пен прогреске, әлем мен болашаққа ашық болатын қоғам туралы түсініктер туындай бастайды. Енді әлемдік кеңістікте орын алған, барлық елдердің саяси философиясына елеулі әсер еткен теориялық концепциялардың ішінен ашық қоғам туралы пайымдауларға тоқтала кетелік. Әсіресе ашық қоғам идеясының айқын жақтаушысы ретінде жаңа келген заманда Карл Поппер танылады. Ол Платоннан XX ғасырдың ортасына дейінгі ең жақсы деген мемлекет идеясының теориядағы эволюциясын талдаудан өткізеді. Платонның түсініктерінде жақсы мемлекетте билеушіден бастап қоғамның әрбір қарапайым өкілдерінің әрқайсысына дейін өздерін азаматтық міндеттерін орындай отырып бақытқа жететіндігі және XX ғасырдың демократиялық қоғамдарындағы бақыт туралы түсініктердің қандай болғандығы сұрыптаудан өткізіледі. К.Поппер кезінде өрнектелген Платонның мемлекет туралы идеяларын "тоталитарлы идеялар" деп есептейді. Өйткені Платон қоғамды сипаттау барысында жаһандық, уақыттан тыс деңгейдегі әділеттілік, даналық, ақиқат және сұлулық деген ұғымдарды қолданады, ал олар адамгершілік талаптары жүйесінде тоталитарлы сипат алады деген тұжырымға келеді.

Тарихтағы "Жабық" қоғамдар деп аталатын құрылымдардың бірте-бірте ашық қоғамдар (бұл қоғамды қалыптастыратын әлеуметтік топтардың жасандылығына қарамастан) деңгейіне өтуі, К.Поппердің пайымдауынша, адамзат тарихындағы ұлы революциялардың қатарына жатады. Осы үлкен тарихи процестің адамзат тек бастапқы кезеңдерінде ғана екенін де атап өтеді. Яғни адамзат үшін, жер бетіндегі халықтар үшін нағыз, шынайы тарихтың негіздері енді ғана қалануда, ал осыған дейінгі жақсы қоғам жасаймыз деген қадамдардың барлығы да сәтсіз әрекеттердің қатарына жатқызылады. К.Поппердің "Ашық қоғам және оның жаулары" атты екі кітаптан тұратын еңбегінде ашық қоғам туралы өзіндік идеялары кейін әлемдік саяси ойлау тарихында әр қилы сипатта, әр қилы мағынада жалғасын тапты.

Ал енді жоғарыда аталған мәселелер төңірегінде қазіргі саяси ойдың өзіндік озық үлгісіне айналған Збигнев Бжезинскийдің еңбектеріне келетін болсақ, онда олардың ішінен маңызды еңбектер ретінде "Ұлы шахмат тақтасы" мен "Таңдау" деген шығармаларды атауға болады. Бұл екі еңбек те алдына бір ғана мақсат қойғанға ұқсайды – ол кейбір жеке алғандағы кемшіліктеріне қарамастан, қазіргі кезеңдегі АҚШ барлық жағынан алғанда ең өнегелі ел екенін дәлелдеу және сондықтан басқалардың үлгі тұтуға тиісті қоғамдық құрылымның мұратына айналуға тиістілігіне меңзейді. З.Бжезинскийдің пайымдауынша, барлық мәселе АҚШ-тың басқа әлемге қатысты қандай саясатты ұстануына тіреледі, қандай мақсатты алдына қойғанына байланысты болып келеді. Ол бірполярлы үстемдік болуы мүмкін бе, әлде көпполярлы жаһандық серіктестік кейпіндегі саясат па? Міне, сөйтіп, Американың ерекше "таңдауы" дегеніміз осы. З.Бжезинский дегенмен АҚШ-тың демократиялық формасы барлық әлемге абсолютті идеал, саяси мұрат бола алмайтындығын жақсы түсінеді. Өйткені болмыстың жалпы заңдарын ешкім жоққа шығара алмайды және демократия

типтерінің дүниедегі көптүрлілігі онтологиялық баршылық немесе тиістілік екендігі баршаға белгілі, құбылыстық феномен ретінде әлемге әйгілі.

Ал Қазақстан үшін таңдалатын демократия құрылымы мен мазмұны сол әлеуметтік кеңістікте ондаған жылдар бойы біріге өмір сүріп келе жатқан қазақстандықтардың жалпы және шынайы халықтық таңдауымен сәйкес келгенде ғана оның адекватты және белгілі бір деңгейде прогрессивті сипаттағы дамуына негіз бола алады. Себебі демократия әлеуметтік немесе саяси мимикриялықпен емес, тіптен озық үлгіге еліктегіштікпен де бір жерден екінші жерге тасымалданбайды, ол әрбір қоғамдық кеңістіктің жеке-дара жетілуіндегі алынатын қамал, адамдардың саяси мәдениетінің өрістеуіндегі баспалдақ екені белгілі. Оның әмбебап құрал ретіндегі қасиеті де осында. Демократия барлық мәселелердің тиісті шешімін табуындағы ең жетілген механизм емес. Себебі демократиялық таңдау ол негізінен халықтың орташаланған шешімін білдіретін позициясы. Осы жерде әлемді рухани игерудегі өзіндік биік болып табылатын философиялық пайымдаудың ұлттық типі маңызды рөл атқарады. Ол қазіргі кезеңге дейін жақсы айқындалмай келсе, онда оны енді барынша айшықтай түсу қажет.

Дегенмен З.Бжезинский өзінің зор қуатымен бүкіл әлемді шегендеп, оның қарсыласуға шамасын келтірмей, жекелеген елдердің прогреске қарай өзінің жолымен ұмтылуға деген қадамдарын қысқартуға Американың құдіреті жететіндігін біледі. Американдық жолдан басқа кез келген саяси, экономикалық, өркениеттік даму жолы қате деп түсініліп, ол күш пен уақыттың бостан босқа кетілуі деп түсініледі. Әлемнің қандай құрылымын қалыптастыруға болады? Міне З.Бжезинский үшін алға қойылған теориялық міндеттердің негізгісі осы болып табылады. Сондықтан зерттеушінің бұл саладағы ізденістерін қалай бағаласақ та, оған мән беріп, оның негізгі принциптерімен танысуға тиістіміз. Себебі қазіргі замандағы жаһандану процестерінің теориялық негіздері З.Бжезинскийдің ілімінде өрнектеледі, ол сондықтан жаһанданудың "сәулетшісі" деген атқа да ілінді. Ал енді ашық қоғам тақырыбы бойынша шынымен де "АҚШ қоғамдық құрылымның қазіргі замандағы ең жетілген типіне жата ма? " деген сауал әлі күнге дейін көптеген зерттеушілердің көкейінен кетпейді.

Ал енді адамның нағыз адамдық бейнесі, руханилығы осы тұлғааралық қатынаста қалыптасады. Ал жаһандану процестері Дж. Сорос айтқандай, осы қатынасқа теріс ықпалын тигізетін болса, онда адамның тұлға болып қалыптасуын тежейді, әлемді іштей ірітіп, әртүрлі қайшылықтардың ушыға түсуіне себепкер болады емес пе? Яғни жаһанданудың негізгі ұраны барлық қоғамдық саладағы ғаламдық синтезді тиімділік қисынына сәйкес күшейте түсу болып отыр. Дегенмен осындай ешқандай даралылықты жете бағаламайтын жасанды топтасу, тотальды бірігу процестері әрбір пендені кез келген қоғамда рухани оқшауландырып, тұлғаны жалғыздық пен оңашалану қақпанына түсіретінін айта кетуіміз керек. Себебі жаһандану логикасы негізінен рухани негіздермен өрнектелмеген, санада толыққанды және әмбебап жетілуден гөрі қарабайыр пендешілікті шегелей түсетін нарықтық қатынастарды арқау еткен технократиялық даму қисыны болып отыр. Сондықтан қазақтың этнофилософиясы өзінің даму барысында әлемдік ойдың даналық үлгілеріне, озық рухани құндылықтарына арқа сүйегенде ғана пәрменді даму жолында болады.

Резюме

Нурмуратов С.Е. Этнофилософия в условиях глобализации

Фундаментальные духовно-религиозные ценности в историческом процессе закономерным образом становятся составными частями этнического бытия тюркского мира, формируя этнофилософию. Духовная взаимосвязь религиозных приоритетов с этническими ценностями народа отразились в учениях Юсуфа Баласагуни, Махмуда Кашгари, Ахмеда Югнеки, Ходжа Ахмеда Ясави, казахских биев, акынов, жырау традиционного общества, и затем в творчестве более поздних казахских мыслителей, Абая Кунанбаева и Шакарима Кудайбердиева и др.

Summary

Nurmuratov S.E. Ethnical philosophic in the conditions of globalization

These notions obtain their diverse philosophic interpretation on the next stages of the philosophic thought development on the Kazakh land in the Yussuf Balasaguni's, Mahmoud Kashgari's, Ahmed Yugneki's, Hoja Ahmed Yassui's doctrines, Kazakh biis', rhetors', akyns', zhyraus' teachings as well, till Abay Kunanbayev's and Shakarim Kudayberdiyev's doctrines